

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
өзін-өзі бағалау қорытындысы**

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы.

Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жері): «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Әйке ауылдық округі, Тереңсай ауылы, Н.Байғанин көшесі, 2А ғимарат.

Заңды тұлғаның байланыс деректері: телефон: 8(71339)26504, факс: 8(71339)26666, электронды почта: terensai-om@mail.kz, web-сайт: <https://terensai-aitekebi.edu.kz>

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: мектеп директоры Кобыланов Рэнат Жаксылыкович, лауазымға тағайындау туралы бұйрық №155, 21.09.2015ж ««Северный орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің директоры қызметіне Р.Кобылановты тағайындау туралы».

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар: Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №469 қаулысымен бекітілген «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы.

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама берілген күні – 16.01.2021ж. Берген мекеме: ҚР Әділет министрлігі Ақтөбе облысының әділет департаменті Хромтау ауданаралық әділет басқармасы.

Рұқсат етуші құжаттар: білім беру қызметіне лицензия №KZ91LAA00020000, берілген күні – 25.01.2021ж, лицензиар: "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесі. Лицензияға қосымша №001, берілген күні – 25.01.2021ж.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы мектеп жанындағы шағын орталық қызметінің жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама №KZ84RVK00027105, берілген күні - 21.01.2021ж.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы мектепалды даярлық класы қызметінің жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама №KZ11RVK00034336, берілген күні - 03.04.2021ж.

2. Кадрлық құрамға талдау.

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығының «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1-қосымшасы 2-тарауы «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібі» 22-тармақшасы негізінде тәрбиеші қызметімен айналысатын жоғары педагогикалық білімі бар екі тәрбиеші кәсіптік қызметтерін жүзеге асырады.

Тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар тәрбиешілер туралы мәліметтер:

Оқу жылы	Жалпы тәрбиешілер саны	Тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар тәрбиеші саны	Үлесі
2020-2021	2	2	100%
2021-2022	2	2	100%
2022-2023	2	2	100%

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Жоғары білімі, мамандығы, диплом бойынша біліктілігі, бітірген жылы
1	Калданова Раушан Торгаевна	Баишев Университеті, «5B010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім бакалавры, 2019ж
2	Мадиева Акмарал Нагашыбаевна	Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, «050101 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша Бакалавр академиялық дәрежесі, 2011ж

Мектеп директорының аттестаттаудан өтуі туралы.

Мектеп директоры 2021 жылдың желтоқсанында «Үшінші санатты басшы» біліктілік санатына аттестатталған.

Педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы.

Оқу жылы	Педагог-шебер		Педагог-зерттеуші		Педагог-сарапшы		Педагог-модератор		Жоғары санат		Бірінші санат		Екінші санат	
	Арттыру	Растау	Арттыру	Растау	Арттыру	Растау	Арттыру	Растау	Арттыру	Растау	Арттыру	Растау	Арттыру	Растау
2020-2021							1							
2021-2022							1							
2022-2023														

№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Санаты, берілген күні, санат берілгені туралы бұйрықтың нөмірі	
1	Мадиева Акмарал Нагашыбаевна	Педагог-модератор, 15.06.2021ж, №29	Шағын орталық тәрбиешісі
2	Калданова Раушан Торгаевна	Педагог-модератор, 11.12.2021ж, №56	Мектепалды даярлық класының тәрбиешісі

Басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы.

Оқу жылы	Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өтуі				Басшы кадрлардың біліктілікті арттыру курстарынан өтуі			
	80 сағаттық	40 сағаттық	120 сағаттық	Басқа	80 сағаттық	40 сағаттық	120 сағаттық	Басқа
2020-2021				5				
2021-2022	1			5				
2022-2023				5	1			

№	Тақырыптың атауы	Оқыған орны мен кезеңі		Аяқталу нысаны
1	<i>Кобиланов Рэнат Жаксылыкович – мектеп директоры</i>			
*	Білім беру ұйымдарын басқару менеджменті	«Daryn Online» ЖШС, Алматы қ, 24.04-05.05.2023	80 сағат	Сертификат №22-18376, 05.05.2023ж
2	<i>Калданова Бейнегуль Станбековна – мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары</i>			
*	Білім беру мазмұның жаңарту жағдайында мектептің инновациялық дамуын басқару	«Өрлеу» БАҰО АҚ Алматы қ, 10-14,26-31.03.2020	80 сағат	Сертификат № 0337515, 31.03.2020ж
3	<i>Жангабулова Тамара Сериковна – мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары</i>			
*	Оқушылардың кәсіби бағдары бойынша мектеп директорларының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларының БА курсы	ПШО Ақтөбе қ. филиалы, 25-29.11.2019ж	40 сағат	Сертификат №111455 29.11.2019ж
4	<i>Калданова Раушан Торгаевна – мектепалды даярлық класының тәрбиешісі</i>			
	Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту	«Өрлеу» БАҰО АҚ, onlinemektep.org, 02- 07.09.2021	80 сағат	Сертификат №37540, 07.09.2021ж
*	Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттың-кеңістік дамытушы ортаны жобалау	«Өрлеу» БАҰО АҚ Ақтөбе қ. филиалы 1-12.03.2021	72 сағат	Сертификат №0376480, 13.03.2021
*	Балалардың мектеп алды даярлығы бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтарының біліктілігін арттыру курсы	ПШО Ақтөбе қ. филиалы, 7-25.06.2021	120 сағат	Сертификат № 004290 14.07.2021
	Қашықтықтан оқытуды үйретемін	NIS , Sterig. org, 10- 15.08.2020	40 сағат	Сертификат №596729, 10.08.2020

5	<i>Мадиева Акмарал Нағашыбаевна – шағын орталық тәрбиешісі</i>			
	Қашықтықтан оқытуды үйретемін	NIS , Sterig. org, 10-15.08.2020	40 сағат	Сертификат №604817, 10.08.2020
*	Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы	ПШО Ақтөбе қ. филиалы, 5.08-20.09.2019ж	235 сағат	Сертификат №000436 08.10.2019ж
	Ата-аналармен педагогтардың арасындағы ынтымақтастық	«Педагогикалық және психологиялық» білім беру орталығы (Астана қ)10.02.2018ж	72 сағат	Сертификат №000143, 10.02.2018ж

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығының «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1-қосымшасы 2-тарауы «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібі» 24-тармақшасына сай тәрбиешілер кемінде бес жылда бір рет біліктілікті арттыру курстарынан өткен.

3. Тәрбиеленушілер контингенті.

Бағаланатын кезеңдегі 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында тәрбиеленушілер арасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болған жоқ.

«Нұр» мектепке дейінгі шағын орталығы - мектеп жасына дейінгі топтардың болуын қарастырады, балалардың жарты күн болуымен мектеп жанында жұмыс істейді.

Тәрбиеленушілер контингентінің сандық құрамы:

2020-2021 оқу жылы				2021-2022 оқу жылы				2022-2023 оқу жылы			
МАД		ШО		МАД		ШО		МАД		ШО	
Оқу жылы басы	Оқу жылы соңы	Оқу жылы басы	Оқу жылы соңы	Оқу жылы басы	Оқу жылы соңы	Оқу жылы басы	Оқу жылы соңы	Оқу жылы басы	Оқу жылы соңы	Оқу жылы басы	Оқу жылы соңы
13	13	19	16	20	20	14	15	13	12	16	18

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1-қосымшасы 1 тарауы «Жалпы ережелер» 8-тармақшасы негізінде шағын орталықта жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылу талабы сақталмаған.

2020-2021 оқу жылы			2021-2022 оқу жылы			2022-2023 оқу жылы		
2 жас	3 жас	4 жас	2 жас	3 жас	4 жас	2 жас	3 жас	4 жас
5	6	8	5	4	5	5	5	6
19			14			16		

Бағаланатын кезеңге топта жас ерекшелігі үш түрлі 2, 3, 4 жастағы балалар бар. Топтағы барлық тәрбиеленуші саны 20 баладан артық емес.

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1-қосымшасы 1 тарауы «Жалпы ережелер» 7-тармақшасы негізінде жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша мектепалды даярлық класында бағаланатын кезеңдерде 25 баладан артық емес.

Мектепалды даярлық класының тәрбиеленушілер контингенті

2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
5 жас	5 жас	5 жас
13	20	13

Шағын орталыққа тәрбиеленушілерді қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларының 2-тарауы «Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі» 2-параграфы "Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі негізінде eaktobe.kz порталы арқылы жүзеге асырылған.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1-қосымшасының 2-тарауы «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібі» 31-тармақшасы негізінде тәрбиеленушілерді қабылдаған кезде мектеп пен баланың заңды өкілдері арасындағы өзара қарым-қатынас шартпен реттеледі.

Тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы.

Шағын орталық тобы				
Оқу жылы	Оқу жылы басындағы бала саны	Жыл бойы қабылданған	Жыл бойы кеткендер	Оқу жылы соңындағы бала саны
2020-2021	19	0	3	16
2021-2022	14	2	1	15
2022-2023	16	3	1	18

Шағын орталық тәрбиеленушілерінің қозғалысы балабақшаға ауысумен байланысты болған.

Мектепалды даярлық класы				
Оқу жылы	Оқу жылы басындағы бала саны	Жыл бойы қабылданған	Жыл бойы кеткендер	Оқу жылы соңындағы бала саны
2020-2021	13	0	0	13
2021-2022	20	0	0	20
2022-2023	13	0	1	12

Мектепалды даярлық класының тәрбиеленушілерінің арасында қозғалыс жоқ, тек 2022-2023 оқу жылында 1 тәрбиеленуші қайтыс болған.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс.

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

Бағаланатын кезеңге мектеп директоры бекіткен оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдасқан қызметтің кестелері тексеріліп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес құрылғандығы анықталды.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарына арналған жұмыстық оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен бекітілген 1-қосымшасы негізінде жасалған.

2022-2023 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспарлары ҚР оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйегінде №394 бұйрығының шағын орталық 1, 2 - қосымшалары, мектепалды даярлық класы 3-қосымшасы негізінде жасалған.

Бағаланатын кезең үшін ұйымдастырылған қызметті бөлу.

2020-2021 және 2021-2022 оқу жылында Ұйымдастырылған оқу қызметін бөлу «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығына 1, 2 - қосымшасы негізінде балалардың жас ерекшелігін ескере отырып құрылған.

2022-2023 оқу жылының Ұйымдастырылған оқу қызметін бөлу Оқу-

ағарту министрінің Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы 09.09.2022 жылғы №394 бұйрығының 1,2,3 қосымшалары негізінде құрылып, балалардың жас ерекшелігін ескерілген.

Тәрбиелеу-білім беру қызметі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген және осы бұйрыққа енгізілген өзгерістер ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» сәйкес жүзеге асырылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру.

2020-2021 оқу жылында шағын орталықта 2-4 жастағы балалар тәрбиеленуде, сондықтан 2 жастан бастап кіші топ, 3 жастан бастап ортаңғы топ пен 4 жастан бастап ересек тобы балаларына арналған үлгілік оқу жоспарларының жүктемелері алынған. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінен тыс ортаңғы топқа 1 сағат вариативтік компоненттен «Дидактикалық ойындар» курсына және ересек топқа 1 сағат сахналық қойылымдар арқылы балалардың шығармашылығын дамыту, балаларды сөйлеу мәдениетіне машықтандыру, ертегілерді сахналау арқылы балалардың сөйлеу мәдениетін дамыту үшін «Ертегілер» курсына және балалардың еңбек етуге деген қызығушылықтарын және даярлықтарын жетілдіру, еңбексүйгіштікке баулу, жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру мақсатында 1 сағат «Шебер қолдар» курсы жүргізілген.

Мектепалды даярлық класында ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыруда 5 жастан бастап қабылданған балалар үшін үлгілік оқу жоспарының мектепалды даярлық класына арналған жүктеме алынған. Апталық оқу жүктемесінің вариативтік компонентіне 3 сағат алынған. «Қатынас» білім беру саласы бойынша балалардың сауат ашу ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша алған білімдерін тиянақтау, яғни балалардың әдемі, сауатты жазуға дағдыландыру мақсатында 1 сағат «Әдемі жазып үйренейік!» курсы, «Таным» саласынан логикалық тапсырмаларды орындату, есептер шығару арқылы балалардың математикалық сауаттылығын арттыру және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту үшін 1 сағат «Қызықты логика әлемі» курсына, «Шығармашылық» саласынан бейнелеу өнері түрлерімен таныстыру, өнер туындылары жайында түсініктерін кеңейту, іскерлік дағдыларды меңгертуге, сәнді және мазмұнды сурет салғызып, бейнені қағаз бетінде дұрыс орналастыруын үйрету мақсатында 1 сағат «Бояулар сыры» атты іс-әрекетіне берілген.

Шағын орталық ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ	Ортаңғы топ	Ересек топ	Жылдық сағат саны
	Апталық сағат саны		
	1 сағат		36
	2 сағат	72	

2	Мектепалды даярлық класы ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ	Апталық сағат саны	Жылдық сағат саны
1	Әдемі жазып үйренейік	1	32
2	Қызықты логика әлемі	1	32
3	Бояулар сыры	1	32

2021-2022 оқу жылында шағын орталықта 2-4 жастағы балалар тәрбиеленуде, сондықтан 2 жастан бастап кіші топ, 3 жастан бастап ортаңғы топ пен 4 жастан бастап ересек тобы балаларына арналған үлгілік оқу жоспарларының жүктемелері алынған. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінен тыс ортаңғы топқа 1 сағат вариативтік компоненттен «Өнерлі екен он саусақ» курсына және ересек топқа 1 сағат кішіпейілділік, тазалық, әдептілік, көмек беру, достық, жақсылық, ар-ұят, қызмет ету, имандылық, инабаттылық, елін, жерін сүю – адамгершіліктің басты ұстанымдары екенін ұғындыра отырып, балалардың бойына адамгершілікті сіңіру үшін «Сыпайылық – адамгершілік айнасы» курсына және балалардың тірі және өлі табиғат нысандарына қызығушылықпен білуге құштарлық негізінде өзін-өзі дұрыс ұстау жайлы түсініктерін қалыптастырып, оң қатынас жасауға баулу мақсатында 1 сағат «Табиғатты аялайық» курсына берілген.

Мектепалды даярлық класында ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыруда 5 жастан бастап қабылданған балалар үшін үлгілік оқу жоспарының мектепалды даярлық класына арналған жүктеме алынған. Апталық оқу жүктемесінің вариативтік компонентіне 3 сағат алынған.

«Қатынас» білім беру саласы бойынша балалардың тілдік қарым-қатынас іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында 1 сағат «Сөйле, балдырған» курсы, «Таным» саласынан қарапайым математикалық түсініктер бойынша алған білімдерін жетілдіру, есептер шығару арқылы балалардың математикалық сауаттылығын арттыру үшін 1 сағат «Сиқырлы сандар» курсы, «Шығармашылық» саласынан балалардың еңбек етуге деген қызығушылықтарын және даярлықтарын жетілдіру мақсатында 1 сағат «Шебер қолдар» атты іс-әрекетіне берілген.

Шағын орталық ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ	Ортаңғы топ	Ересек топ	Жылдық сағат саны
	Апталық сағат саны		
	1 сағат		36
	2 сағат	72	

В	Мектепалды даярлық класы ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ	Апталық сағат саны	Жылдық сағат саны
1	Шебер қолдар	1	33
2	Сөйле, балдырған	1	33
3	Сиқырлы сандар	1	33

Вариативті компонент бойынша қызметтер балалардың жас ерекшеліктеріне сай жоспарланған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік компонент бойынша жоспарларды әзірлеуде тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталған.

2022-2023 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына және білім беру бағдарламаларына сәйкес вариативті т.б. білім беру қызметтері жүзеге асырылмаған.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 3-тарауындағы «Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар» сақталған.

	Шағын орталық			Мектепалды даярлық класы
	Кіші топ	Ортаңғы топ	Ересек топ	
Апталық оқу жүктемесінің көлемі	9	11	12	17
Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	10-15 минут	15-20 минут	20-25 минут	25-30 минут

5. Оқу-материалдық активтер.

Мектеп ғимараты 2009 жылы пайдалануға берілген. Екі қабатты, типтік үлгіде салынған. Жобалық қуаты – 270. 2022 жылы мектеп күрделі жөндеуден өткен. Күрделі жөндеу барысында ғимарат шатыры толығымен ауыстырылған, ғимарат бойымен отмостка құйылған, барлық екі қабаттағы бөлмелерге жөндеу жүргізілген. Акт зал мен асхана төбесіндегі аспалы төбе ауыстырылып, жаңартылған. Сонымен қатар мектеп 2022 жылы модернизациядан өткен. Модернизация барысында парталар мен орындықтар жаңадан алынған, жалпы ауданы 85м² болатын акт зал қабырғаларына және 1 қабаттың дәлізіндегі қабырғаларға суреттер салынған. Киім ілетін бөлмеге 10 дана киім ілгіш және бастауыш сынып оқушыларына арналған арнайы 4 секциялы 4 шкаф берілген.

Шағын орталық пен мектепалды даярлық класы ауданы 64м² болатын кабинетте орналасқан. Кабинетті мектептің ресми сайты <https://terensai-aitekebi.edu.kz> «Мектепке саяхат» мәзірінен көруге болады.

Кабинетте балаларға арналған 4 секциялы 10 шкаф, 1 ноутбук интернет желісіне Wi-Fi арқылы қосылған. Қосылу жылдамдығы 10-20 Мбит/с аралығында. Тәрбиеленушілер өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін

қамтамасыз ететін, бастамаларын қолдау үшін жоспарланған және олардың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған әртүрлі материалдары бар дамытушы заттық-кеңістіктік орта ретінде «Шаштараз», «Дүкен», «Дәрігер», «Ас үй» және «Киіз үй» бұрыштары «Түлек.кз» акциясы аясында сыйланған.

Ауданы 276,1м² болатын спортзалда мектеп жасына дейінгі балаларға арналған инвентарлық заттар талапқа сай жабдықталған. Демеушілікпен алынған инвентарлық заттарды @terensai-jobbm мектептің ресми әлеуметтік парақшасынан көруге болады.

150 орынға арналған акт залы бар. Спортзал мен акт залын мектептің ресми сайты <https://terensai-aitekebi.edu.kz> «Мектепке саяхат» мәзірінен көруге болады.

Мектептің екі қабатында да ер және қыз балаларға арналған бөлек дәретханалар бар. Қыз балаларға арналған – 7 унитаз, ер балаларға арналған – 7 унитаз бар және әр қабаттағы дәретханаларда 4 жуынатын раковинадан орнатылған және қол кептіргіштер ілінген.

2020 жылы мектепке 24 дана бейнебақылау камералары орнатылған. Оның ішінде ғимарат аумағы бойымен сыртта 7 камера, ғимарат ішінде 17 камера бар. Ғимарат ішіндегі 3 камера балабақшаға қойылған. Бейнебақылау камералары барлығы іске қосулы, жазбалардың сақталу мерзімі 18-24 тәулікті құрайды.

Тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсету үшін лицензияланған медициналық кабинет жұмыс жасайды. Медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер: Лицензия нөмірі 10624DD, берілген күні: 07.11.2019ж. **Лицензиат:** ГКП «Айтекебийская районная больница» на праве хозяйственного ведения ГУ «Управление здравоохранения Актыобинской области». **Лицензиар:** Управление здравоохранения Актыобинской области. Акимат Актыобинской области. Медициналық кабинетті мектептің ресми сайты <https://terensai-aitekebi.edu.kz> «Медициналық қызмет – Медициналық кабинет» мәзірінен көруге болады.

Edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атау: <https://terensai-aitekebi.edu.kz>

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін ғимаратқа кіре берісте пандус орнатылған, негізгі есікте шақыру батырмасы бар.

«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жаратқандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген жалпы мақсаттағы ұй-жайларын, оқу кабинеттерін жабдықтармен және жиһазбен жаратқандыру нормаларына *ішінара сәйкес келеді*. Коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларды, зерттеушілік әрекетті дамытуға, қимыл дағдыларын дамыту мен сауықтыруға, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға, командалық жұмыс дағдыларын дамытуға арналған оқу және ойын материалдары жеткіліксіз.

Мектепте 120 орындық асхана жұмыс жасайды. Асхана жеке кәсіпкер Кеншинбаева Г.Р. (Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Оспанов, 2. Тел:26-4-37)

жалға берілген. 18.04.2016жылы №D.01.H.KZ26VBS00026632 санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды бар. Асхана соңғы үлгідегі екі электр пешпен, 1 тоңазытқыш, 1 мұздатқышпен және басқа да барлық құралдармен толық жабдықталған. Тәрбиеленушілерге барлық санитариялық талаптарды сақтай отырып, буфеттік тамақтану ұйымдастырылған. Асхананы мектептің ресми сайты <https://terensai-aitekebi.edu.kz> «Мектепке саяхат – асхана» мәзірінен көруге болады.

Өрт қауіпсіздік талаптарына сәйкес өрт қауіпсіздігі бойынша ғимаратта бір өртке қарсы бұрыш бар, онда күрек, сүймен, құмы бар жәшік, екі өрт сөндіргішпен жабдықталған. Ғимаратта 2023 жылы жаңадан дабылқаққыш қондырғылары орнатылған. Жыл сайын келісім-шарт негізінде дабылқаққыш қондырғысының техникалық жағдайын тексерілген. Келісім-шарттары жинақталған. Ғимаратта мектеп директорымен бекітілген «Өрт кезіндегі көшіру жоспары» ілініп, «Өрт қауіпсіздік ережелері» бұрышы жасақталған.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор.

«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығының 1-қосымшасындағы оқулықтар тізбесіне сәйкес тәрбиешілердің жеке оқу-әдістемелік құралдары бар. Жыл сайын мектепалды даярлық класының тәрбиеленушілеріне тегін жұмыс дәптерлері берілген.

7. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау.

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелері.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-тарауы «Оқу нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар» 7-тармақшасы, 4-тарауы «Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» 16, 17, 20 - тармақшаларына және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-тарауы «Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар» 7, 8, 9, 10, 11 - тармақшаларына сәйкес меңгеруге тиіс, игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемінің игерілгенін, жас ерекшеліктеріне сай тәрбиеленушілердің түрлі деңгейдегі байқауларға қатысу нәтижелерінен және қорытынды мониторинг нәтижелерінен көруге болады.

2020-2021 оқу жылында 16-желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған «Тұғыры биік - Тәуелсіздік» атты шығармашылық сайысында «Тәуелсіздік толғауы» жыр оқу номинациясы бойынша мектепалды даярлық класының тәрбиешісі Жақсылықова Еркеназ жүлделі ІІ орынға ие болған /жетекшісі мектепалды даярлық класының тәрбиешісі Мадиева А/.

Халықаралық «Пони: Палитра» байқауының жеңімпаздары мектепалды даярлық класының тәрбиеленушілері Жақсылық Н, Сатыбалды Т, Мұрат Д. және шағын орталық тәрбиеленушісі Құдабай А ІІІ орынға ие болған /тәрбиешісі Мадиева А/.

Мектепалды даярлық класының тәрбиеленушісі Орынбеков Мансур «Тәуелсіз елдің ұланымыз» атты облыстық суреттер байқауына қатысып, ІІ орынға ие болған /тәрбиешісі Мадиева А/.

Халықаралық «Пони: Негетай» байқауына қатысқан шағын орталық тәрбиеленушілері Асқарбек Нұрайым ІІІ орын, Есенғали Зарина ІІ орынға ие болған /тәрбиешісі Мадиева А/, халықаралық «Пони: Білімпаз» байқауына қатысқан мектепалды даярлық класының тәрбиеленушілері Сейлбекұлы Сұлтан ІІ орынға, Әлібек Серікбол, Әлібек Аяулым ІІІ орынға ие болған /тәрбиешісі Мадиева А/.

